**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Айгөлек бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өндірістік кеңес отырысының**

**ХАТТАМАСЫ**

**Алға қаласы** **27.03.2025 жыл**

Қатысқан қызметкерлер саны-8

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу және оны жоюға арнаған іс-әрекет.

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа іс қимыл туралы» Заң талаптарын қатаң сақтау, Педагог-Ұстаз атағының оң имиджін қалыптастыру сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен шектеулерді бұзуға жол бермеу үшін педагог назарларына жеткізілді. Педагог мәртебесі, педагог әдебін сақтау жұмыстары жүрзілді. Топ тәрбиешілері мен ән жетекшісіне мереке сайын өткізілетін іс-шараларға балаларға костюм тіктірту тоқтатылсын. Ата-аналар тарапынан костюм тіктіру үшін ақша жиналмасын. Әлеуметтік медианы пайдалану кезінде барлық педагогтар қызметте және қызметтен тыс уақытта: жалпы қабылданған моральдық – әдеп нормаларын сақтау; мемлекеттік және басқа тілдерге, сондай- ақ Қазақстан халқының салт дәстүрлеріне құрметпен қарау; әдепсіз лексиканы қолданбау; әлеуметтік желілерде басқа мемлекеттік қызметшілерді, мемлекеттік аппаратты әшкерейтін фото, видео, аудио және мәтіндік материалдарды жарияламау және өз парағыңызға көшірмеу. Мұндай ақпараттарды мессенджерлерге таратпау. Көңіл көтеретін орындарда, аңшылықтан, спирттік ішімдіктер аясында фото, видео материалдар жарияламау. Қызмет бабында пайдалануға арналған құжаттарды өзге де қызметтік ақпаратты сайттарда және жеке аккаунттарда жарияламау жене таратпау ескертілді. Сыбайлас жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, заң аясында тәртіпке тартылатыны ескертілді. Педагогтар арасында түсіндірме жұмыстары жоспарлы түрде жиі жүргізіліп отырады. Сыбайлас жемқорлық фактолары анықталған жағдайда мекеменің, Алға аудандық білім бөлімінің, Ақтөбе облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің, облыстық білім басқармасының сенім телефондары ата-аналарға және мекеме қызметкерлеріне қол жетімді жерде орналастырылғаны атап өтілді. Сыбайлас жемқорлық, заң бұзушылық факторлары анықталған жағдайда мектепке дейінгі ұйым басшысына тікелей қоңырау шалу линиясы жұмыс жасайды. Жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен шағымдарына арналған сенім жәшіктері оңтайлы орынға орналастырылған.

Балабақша меңгерушісі жиналысты қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, алдын алу бойынша мысал келтіре отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемеде ақша жинауға тыйым салу, алдағы мерекелерге орай ұстаздардың ата-аналардан сыйлық алу фактісін болдырмау. Педагогтарға сыйлық алдырмау, ата-аналар тарапынан ақша жинауды

болдырмау үшін жұмыстану қажеттілігі ескертілді.

Заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемеде ақша жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді. Сыбайлас жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, департаменттің сенім телефонына қоңырау шалу керектігі айтылды.

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу шаралары қолға алынсын.

**Жиналыс төрағасы:** **Б.Бердібаева**

**Хатшы:** **Ж.Адилова**